



Абайталу

ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕН
ӘЛ-ЖАУҒАРИ ӘЛ-ОМСКАУИ

Насиқат Қазақия

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы

**ЗЕЙНЕЛ ҒАБИДЕН ӘЛ-ЖАУҒАРИ
ӘЛ-ОМСКАУИ**

Насиқат Қазақия



ОРХОН

Алматы 2009
“Орхон” баспа үйі

ББК 47-1

К 69

Кітапты дайындап, түсініктемесін жазып, баспаға ұсынған
– ф.ғ.д. профессор **Мекемтас Мырзахметов**

К Насикат қазақия. – Алматы, 48 бет. «Орхон» баспа үйі.
2009.

ISBN 978-601-80022-0-5

Зейнел Ғабиден әл-Жауһари әл-Омскаундiң 1909 жылы Өфеде (Уфа) жарық көрген бұл кітабында оның өткен ғасыр басындағы мәдени-ағарту ісіне қатысты тілек-талаптары мен ана тілін ардақтау, сөз өнерін дамыту туралы ойлары енген. Сондай-ақ, осы кітаптан байқалғандай, автор – Абай шығармашылығына байланысты алғаш ой-пікір білдіргендердің бірі болғаны байқалады.

Тарихилықты сақтау үшін кітаптың о бастағы стилистикалық және грамматикалық қалпын бұзбай бергенді жөн көрдік.

ББК 47-1

А $\frac{3902000000}{00(05)-08}$

© Мырзахметов М., 2009

© «ОРХОН» баспа үйі

ISBN 978-601-80022-0-5

Алғы сөз

1. Зейнел Ғабиден әл-Омскаун /1883, Саға ауылы, қазіргі Көкшегау обл., – 1920, Сиыршы ауылы, қазіргі Көкшегау обл./ – қазақ жазушысы, педагог. Алғаш Қызылжарда /Петропавл/ оқып, кейін Уфада Ғалия медресесін бітірген. Еліне оралып, 1916 ж. Сиыршыда қазақ балалары үшін орыс мектебін аштырды. Қазақ халқын мәдени-ағарту жұмысына, отырықшылыққа шақырды. З.Ғ.-нің негізгі еңбегі «Насихат казакия» /1909/ Уфада шықты. Бұл кітапқа автордың мәдени-ағарту саласындағы тілек-талаптары мен ана тілін ардақтау, сөз өнерін дамыту туралы ойлары енген. Сонымен бірге З.Ғ. бұл еңбегінде қазақ әдебиеті мен шешендік өнерді өркендету ісіне Абайды үлгі етіп ұсынады.

2. Абай өлеңінің насихатшысы

«Князь блан Зағипаз» кітабының 1897 жылы қияндағы Қазанда басылуы Абайдың ақындық-даңқының ертеден-аз-шырқау алысқа жайылып, шығармалары ауызша, қолжазба түрінде де кең таралғандығын танытумен бірге ақынның көркем поэтикалық туындыларының өзінің көзі тірісінде-ақ бұрмаланып / «Дала уалаягы», 1889, № 7, 9 /, әркімдердің /Жаңұзақ. Бектұрған. Жүсіпбек/ иемденуінде кеткендігін, яғни революцияға дейін ақын мұрасының қандай аянышты халде болғандығын көрсетеді.

Абайдың жоғарыдағы екі өлеңінің тағдырына ұқсас жағдайды «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңдері» деген 1909 ж. басылған ақынның тұңғыш өлеңдер жинағымен бір жылда қатар шыққан Зейнел Ғабиден ибн һамре ал Жауһари ал Омскаунидің «Насихат - Қазақия» де-

ген 1909 жылы Уфа қаласында басылған рисоласынан да көреміз. Бұл кітаптың авторының қолына да Абай өлеңдері түп нұсқасын сақтаған жазба түрде жетпей, ел аузынан, бірден-бірге өту арқылы жеткен сияқты.

Бұл жерде кітаптың жалпы мазмұнына тоқталып жағпай, Абайға, Абай поэзиясына қатысты жерлеріне көңіл аударған дұрыс болар. Зейнелғабиденнің көп ойы, көп пікірі Абайдың ағартушылық бағытымен үндес келіп отырады. Осы мәселеге байланысты, әрі бұл еңбектің революцияға дейінгі дәуірдегі абайтану ғылымына тікелей қатысы болғандықтан, қысқаша түсінік бере кету артық болмас. Өйткені Зейнелғабиден өз дәуірінде көп нәрсеге көзқарасы бар, әр нәрседен хабардар болған адам. Ол Пушкинді аса жоғары бағалап, Абайдың көп пікіріне бой ұсынған. Абай дәстүрінен нәр алуға тырысқан, әрі қазақтың жазба әдебиетінің үлгі-өнегесі Абай поэзиясы деп түсінген кісі.

Автордың кім екендігі туралы Ә.Жиреншин өзінің «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократы» деген кітабында: «Абай туралы татардың Зейнелғабиден Әл Жауһари деген зерртеушісі «Тобықты Ыбырай марқұмның өлеңдерінен» деп Абайдың бірнеше өлеңдерін үлгі қылып өзінің Қазан қаласында шығатын «Насихат - Қазақия» деген жинағында 1909 жылы басып шығарды. Бұған да материал беріп, Абайды танытқан Кәкітай. Өйткені, ол. 1907 жылы Қазанға барып бір жыл жатып қайтқан». /15-16 б./ деп жазады. Бірақ Ә. Жиреншин жолдастың бұл пікірі жорамалмен айтылған, шындыққа үйлеспейді.

«Насихат – Қазақияның» авторы осы кітапта өзін Зейнелғабиден ибн Нәміре ал Жауһари ал Омскауи деп атайды. Мұндай үздік-создық атау, өзінің қай жер, қай рудан шыққандарын көрсету – шығыстық дәстүр екені баршаға мәлім. Мұның мәнісі, біздіңше, Зейнелғабиден Әміреұлы, омбылық жауһар руынан дегені. Өйткені «ибн» арабша ұлы, баласы дегенді, «ал» кісінің қай жерден, қайсы нәсілден шыққандығын көрсететін грамматикалық артикульдер. Мысалы: Әбу Наср Мухаммедал Фараби дегендегі «ал» артикульі Әбу Нәсір Мухаметті Фараб /қазіргі Оңтүстік өлкесіндегі

Отырарды арабтар Фараб деп атаған М.М./ деген жерден шыққанын, Мухаммет Ғайдар ал Дулати дегенде оның дулат руынан шыққанын көрсетіп тұр. Осы тұрғыдан қарағанда, Зейнелғабиденнің татар зерттеушісі еместігі, оның омбылық екені, Ақансерінің атақты «Құлагер» әнінде айтылатын: «Атығай-қарауылға олжа салған...» дегендегі атығай-қарауыл руының бір тармағы болып келетін кәдімгі жауһар руынан шыққандығы талассыз боп шығады. Мұның үстіне автор өз кітабында татар халқы туралы сөз еткенде де өзі қазақ атынан сөйлейді.

«Насихат-Қазақия», Ә.Жиреншин жолдас көрсеткендей, Қазан қаласында басылған емес. Бұл кітап 1909 жылы Уфа қаласындағы «Шығыс» баспасында басылғаны кітаптың бірінші бетінде анық көрсетілген. Осыған байланысты Зейнелғабиденге Абайды Қазан қаласында танытушы Кәкітай еді деген пікір де шындыққа үйлеспей шығады. Ол «Насихат-Қазақия» 1909 ж. Қазанда басылды деп білгендіктен жоғарғы пікірді айтып отыр. Мұны Зейнелғабиденнің кітабындағы «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздері» деген тақырыппен басылған Абайдың бір топ өлеңін теріске шығарады. Өйткені Абай өлеңі деп басылған негізгі үш өлеңнің шын Абай өлеңінің түпнұсқасынан көптеген айырмашылығы бар. Егер Зейнелғабиден Абай өлеңін Кәкітайдан алды десек, неге Абайдың түпнұсқасы дұрыс сақталмайды. Тіпті Зейнелғабиден Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңін екі бөліп басып, оны екі өлең ретінде қарастырады. Онда Абайда кездеспейтін:

«Көз жұмып дүниеден өткеніңше,

Адамның таусылмайды қамтылмасы»

деген сияқты жолдар ұшырайды. Бұл Зейнелғабиденнің қолына Абай өлеңдері Кәкітай арқылы емес, ел аузында жағталып, сол арқылы жеткенін дәлелдейді.

Зейнелғабиденнің Абай туралы жалпы хабардар болғаны анық. Өйткені ол қазақ әдебиетінің жайы туралы мәселені сөз еткенде, негізінен, Абайдың ағартушылық, ақындық

дәстүріне сүйеніп отырады. Автордың «Ыбырай марқұм» деп айтуына қарағанда, тіпті ол Абайдың қайтыс болуын да білетін сияқты. Бұл мәселе, әсіресе, кітап авторының «Әдебиет қазақия яки казактардың тіл өнері» деген тарауда қазақ әдебиетінің жайы туралы арнайы сөз етуінен айқын байқалады.

Зейнелғабиден кітабы сол дәуірде шыққан қазақша кітаптардың ішінде өзінің тілінің тазалығымен де ерекшеленеді. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, автордың тіл тазалығын сақтау мәселесіне ерекше мән беруінен туған. Өйткені Зейнелғабиден өзінің осы еңбегінде қазақ тілі туралы ойын жалпы түркі тектес тілдердің ішінде таза сақталғаны, «араласып көп өзгеріске ұшырамағаны қазақ тілі деп айтуға жарайды» /26-бет/. – деп тұжырымдайды. Бұл пікірдің қазіргі қазақ тілінің тарихы туралы мәселеге де қатысы бар. Қазақ тіліндегі Зейнелғабиден байқаған осы құбылысты біздің заманымызда проф. Ғабдурахман Сағди де қолдайды. Ол былай дейді: «Қазір де біз шын мәніндегі бұрынғы таза тілімізді, таза табиғи және терең халықтық әдебиетімізді білмек болсақ, оны жалғыз қазақтар арасынан ғана іздей аламыз.

Шын ғылым намыс үшін ашық айту керек: қазіргі кезде ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмаған күйінде бұрынғы қалпында сақталған бір тіл болса, ол да қазақ тілі мен қазақтың әдебиеті болар.

Түркістандағы өзбек пен түркмендердің халық тілі мен халық әдебиеті дін, арабтық және ирандық әсерінің нәтижесінде бұрынғы тазалығы мен байлығын көбірек жоғалтқанын көреміз. Тіл мен әдебиеттегі кендік, байлық және бұлардың тазалығы жағынан қарағанда қазақ тілі бәрінен де биік тұрады» – деп ерекше мән беруі осыны көрсетеді. /Келешек дүниясында тіл, әдебиет, язу һәм тілдернің тарихи өсуләрі. Қазан, 1926, 85-бет/.

Зейнелғабиденнің өз еңбегін таза қазақ тілінде жазуы мен тіл тазалығын жақтауын, қазақ тілі туралы жоғарыда айтылған құнды пікірін Абайдың тіл тазалығы үшін жүргізген принципті күресі мен қазақтың әдеби тілін қалыптастырудағы прогрессивті ролінің айқын бір көрінісі

деп білеміз. Зейнелғабиден қазақ поэзиясының жаңуы, асылы, үлгісі деп, Абай өлеңін өнеге етіп ұсынады. өлеңге Абай қойған талапты қояды. Ол жалпы шешендік, ақындық үлкен өнер деп танып, мұның қасиеті мен ұлылығына орыстың ұлы ақыны Пушкинді мысалға келтірді: «Орыстардың Пушкині хияметше халық тілінде сөйлеп, тарихқа жазылады» /26-бет/, – дейді ол.

Бірақ тіл тазалығы туралы принципті мәселені Зейнелғабиден әуелден-ақ саналы түрде жақтаушының бірі болды дегуге болмайды.

Өйткені оның алғашқы шығармаларында тіл шұбарлығы елеулі орын алады. Абайдың ақын мен өлеңге қойған тегеурінді талабымен танысқан соң, оның тіл тазалығы туралы көзқарасы өзгере бастағаны осы «Насихат-Қазақиясында» ашық байқалады.

Патшалық Россияның қол астындағы бүкіл түркі тектес халықтардың арасында, соның ішінде қазақ қауымының да әлеуметтік қоғамдық ой-пікірінде үстем тап өкілдерінің әрекеті мен панисламизмнің жанданған дәуірінде Зейнелғабиденнің орыс мәдениетінің демократиялық бағыттағы өкілі Пушкинге берген бағасының елеулі мәні бар нәрсе деп қарау керек. **Халықтар достығының жаршысы** болған Абайдың қазақ халқын орыстың озат мәдениеті мен тілін үйренуге шақыруын Зейнелғабиден де қолдайды.

Зейнелғабиденнің «Әдебиет қазақия яки қазақтың тіл өнері» деген мақаласы Абай қайтыс болғаннан кейінгі дәуірде жалпы қазақ әдебиетінің жайын сөз еткен тұңғыш әдеби-зерттеушілік сипаты бар еңбек боп табылады. Жазушы қазақ халқының табиғатына біткен шешендік, сөз тапқыштық, өлеңшілік өнердің өспеуінің негізгі кедергісі – халықтың қараңғылығы, – ғылым – білімсіздігі дейді. Сондықтан да автор бұл мәселе туралы: «Бұл яки өнер /поэзияны айтады. М.М/ басқа халықта болғаны сықылды, қазақтарда да барлығын, сол асылдың қадірін, танып орнымен ұстата алмай, ғылым, мағруф /ағартушылық/ майымен малынбаған себепті ілгері аттай алмай сүрініп... өлеңшілеріміз де бүркіт қартайса, тышқаншыл болады деген сықылды аңсарып, ау-

зын ашып калды» /26-б/ – деп ашына жазады. Зерттеушінің бұл ойында да қазақ халқының надандығының басты себебі және одан шығудың жолы ғылым, білім, өнер деген Абайдың ағартушылық пікіріне үн қосу бар. Ол бұл ұлы идеяны жақтап қана қоймай, өз шамасына қарай насихаттаушы да бола білді. Сондықтан да ол: «Жалғыз-ақ сол шешендік байлаусыз, дәмсіз, көпке қадірсіз құрғақ сөз болғаны сықылды мақтаулы өлеңшілік те біреуді мақтап-мақтауыңнан, біреуді сақтап жақтауыңнан болмайды... Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі-өрнегімен сұлу болсын» /27-б/, – деп үлкен талап қоя жазады. Зейнедғабиден «Насихат-Қазақияда» жастарға үлгі-өнеге ретінде ұсынып отырған Абай өлеңдеріне «Қазақ әдебиетінің жаһуты» деп ат қойып, ақынның бір топ өлеңдерін жариялаған.

Автордың айтуынша, мұндағы мақсат – қазақ поэзиясының асыл үлгілерін туысқан татар халқына таныстыру. Зейнедғабиденнің Абай шығармаларын көршілес туысқан халық-тарға танытудағы нақтылы әрекеті революцияға дейінгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихындағы ізгі ниетті, соны нышанды білдіретін, қай жағынан болса да дәріптеуге тұрарлық құбылыс.

Зейнедғабиденнің «Тобықты Ыбрай марқұмның сөздері» деп жариялаған бір топ Абай өлеңдерінің тағдыры да «Князь бен Зағифада» басылған өлеңдерге ұқсас келеді. «Насихат-Қазақияда» басылған Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңдері де елеулі өзгерістерге ұшыраған. Түпнұсқада кездеспейтін тың жолдар қосылып кетіп отырады. Мысалы: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлең түпнұсқада 48 жол болса, мұнда 28 жол. Мұнда Абай өлеңінің түпнұсқадағы 1, 3, 4, 12 шумақтары түгел сақталса, 2 шумақтың 3-4 жолдары ғана алынады да, қалған жолдары тыңнан қосылады, немесе:

Аузымен аңдамай сөзін жөндеп,
Еліріп шайтан жаққа болар кірмек.
Біреуге малы бар деп билік бермек,
Үш жыл өтсе тағы да, сайлау келмек! –

деген тәрізді түгелдей тыннан қосылған өлең жолдарында Абайдың «Ел бұзылса, табады шайтан өрнек» деген өлең жолының сілемі ғана еміс-еміс елес бергені болмаса, бүтіндей жаңа жолдар. Кейде шумақтағы өлең жолдары түгел сақталғанымен, ондағы сөздердің орны, көбінесе мағыналық жағы жиі ауыстырылады. Мысалы, түпнұсқада:

«Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, кулық қылдым деп қағар елбек.
Адамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек», –

болса, «Насихат-Қазақияда»:

«Надандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қорлық қылам деп қағар көлбек.
Харамдықтан асқаны бір күн түсер,
Мың сан сынбас, бір күні сынар шөлмек».

Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңінің жайы да жоғарғы өлеңімен тағдырлас.

Зейнелғабиден Абайдың үшінші өлеңі ретінде «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап» деген Абайда кездеспейтін тың жолдан басталатын 16 жолды өлеңді келтіреді. Бұл өлеңнің 9 жолы Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінің соңғы шумақтарынан алынса, қалған 7 жолы тағы да тыннан қосылады. Абай өлеңін неліктен Зейнелғабиден екі бөліп, екі өлең ретінде келтіреді? Шамасы, бұл өлең Зейнелғабиденге екі бөлек өлең ретінде жеткен сияқты. Абайдың бұл өлеңін ақындық өнердің үлгі-өнегесі ретінде ұсынып, бұл өлеңнің соңы жоғарғы екі өлеңнің рухына сәйкес болған соң, оны үшінші өлең деп көрсетуі де мүмкін.

Егер Ә.Жиреншин жолдас айтқандай, Зейнелғабиденге Абай туралы Кәкітай материал берген болса, сол дәуірдің машасымен алғанда, әр нәрседен хабардар, поэзияны дұрыс бағалай алатын, тіл тазалығына да ұқыпты Зейнелғабиденнің Абай өлеңдерінің түпнұсқасынан алыстауы мүмкін емес еді. Тіпті кітаптың ең соңында оның «Садуақас Шармановтың бір сөзі» деген өлеңді толық әрі өзгеріссіз беруі де осы ойды бекіте түседі. Өйткені Зейнелғабиденге Садуақас өлеңі жазба түрде, ал Абай өлеңдері халық арасында айтылуы бой-

ынша, елеулі өзгерістерге ұшырай отырып жеткен болуы керек. Өйткені қашанда болса, халықтың көкейтесті арманын жырлаған шығармалардың халықтық сипат алып, әртүрлі вариантпен тарап кететін, Шернияз ақынның өлеңінен де белгілі ғой. Шернияз өлеңінің негізгі мағынасы сақталғанымен, олар Батыста, Жетісу мен Арқада әртүрлі вариантпен айтылады.

Өз өлеңі ретінде бастырған Бектұрғандағы Абайдың атақты екі өлеңімен Абайды біліп, ұстаз тұтып отырған Зейнелғабиден бастырған Абай өлеңдері де ақынның көзі тірісінде-ақ барынша халықтық сипат алып, ауыздан-ауызға көшу арқылы бүкіл қазақ даласына кең таралғаны Абайдың революцияға дейінгі дәуірде-ақ шын мәніндегі халықтық ақын ретінде танылғанын көрсетеді.

Революцияға дейінгі Ыбырай мен Абайдың ағартушылық-демократиялық идеяларының өздерінен кейінгі қазақ қоғамының ой-санасына еткен әсері қандай еді деген мәселе әлі де өзінің нақтылы жылымы шешімін толық түрде тапқан жоқ. Бұл мәселені біз көбінесе революцияға дейінгі қазақ арасында белгілі ақын-жазушылардың айналасынан ғана іздестіреміз де, басқа саладағыларға көңіл бөлмей келеміз. Зейнелғабиденнің зерттеушілік характердегі бұл еңбегі де осы топтың ішінде жүр. Сол кезеңнің жағдайына байланысты елеулі қайшылығы бола тұрса да, Зейнелғабиденнің «Насихат Қазақиясы» қазақтың ағартушы-демократтарының қазақ қоғамдық ой-пікіріне еткен әсерінің нақтылы көрінісін білуде едәуір дерек бере алады.

Мекемтас Мырзахметұлы

1970 ж.

**Зейнелғабиденнің* «Насихат Қазақия»
деген еңбегі жөнінде қысқаша
ТҮСІНІК
/1959 жыл 11 октябрь/**

«Насихат Қазақия» деген кітапты 1909 жылы жазған ұлы ғалым ағамыз Зейнелғабиден. Араб алфавитімен жазылған. Кітаптың бетінде автор өз аты мен фамилиясын руын араб тілімен ұйқастырып қол қойған. Зейнелғабиден бинел хажи һамире Әлжауари деген, қазақшалағанда Зейнелғабиден қажы Әміреұлы жауар руынан деген сөз. Қазіргі біздің орталығымыздың тілегіне қайшы келетін идеялармен, діншілдік бұлақ көзінен алынған.

Бірақ Гегель мен Фейербахтың диалектика-материалистік көзқарасының теріс идеяларын алып тастап, пайдалы дәнін Карл Маркс жарыққа шығарған диалектика-материалистік көзқарастарын Лениннің творчестволық дамытып, идеологиялық-философиялық бітім қазынасынан зор орын алып отыр. «Насихат Қазақиядағы» халыққа жарияланған үгіт-насихаты диалектика-материалистік білімге теңестіруге болмайды. Сөйтсе де қазіргі ғалымдарға алып пайдаланатын білім қазынасына аз да болса үлес бере алатын кітап деп ойлаймын, әрине, діншілдік көзқарасын алып тастап, материалистік көзқарастарын ғалымдар, филологтар талдай алады, талдауға тұрады ғой деп ойлаймын. Бұл анықтама жасаған пікірімдегі қата болса қайтып алатындығымды білдіремін.

Зейнелғабиден-бинел қажы һамра ұлы ғалым молла болған. Кейбір дүмше молла сияқты тек құдай-құдай деп қана отырмай, ел арасында 1909 жылы медресе Ғалияны бітіргеннен кейін халыққа революциядан соң да ағарту жолымен қызмет еткен. Сиыршыда 1915-1917 ж. Саға 1910-1912 ж. Шайхолла, Хабиболла, Мұхтарлар оқыған діни жолмен медресе ашып, онымен қатар өзінің туған елінде бірыңғай орыс тілінде мектеп ұйымдастырып, балаларды оқытқан. Мысалы, мен өзім Мұсабаев Ғабиден** екеуіміз және басқа балалар 1916-1917 оқу жылында Смағұл Садуақасов деген /учитель-

(.дәр) нәдндбҒ пәнйәЕ *

(.дәр) (.рәсәсәфәрәп .д.т.ф) - пәвдбәсәМ нәдндбҒ **

ден/ мұғалімнен 1-класта оқыдық. 1917-1919 оқу жылдары орыс тілінде оқып, мектепті бітірдік. Бізге Совет үкіметі келгеннен кейін совет мектептерінен орта, жоғары мектептерді бітіруімізге білім негізі болып сүйреді. Жалғыз Ғабиден Мұсабаев екеуіміз емес, бірнеше ондаған балалардың білім алуына себепші болды.

Ыбырай Алтынсариндей болмаса да өз әлінше педагог болған, ағарту жолында жаңалық жолдар көрсетіп насихаттаған. Мысалы, кітабында айтады: надан молдалар таң атқаннан күн батқанша балаларды қамап қойып оқыта бермей, күніне төрт сағат оқытып, әр сағат сайын перемен жасауды ұсынған.

Класқа бөлуді сынфқа бөлу деп көрсеткен де көксеген. Кітабында екі ауылдың арасы қара жыртынды болып егін салу керек, бұрынға қарағанда қазақ халқы да егін сала бастағандығын, қоғам даму заңына қазақ елі де ілесе бастағанын, ояна бастағанын көрсете келіп, цифрлармен бекітіп, қазақ халқы да оқу оқып, еңбек етуі аз, келешекте көбею керек деп насихаттаған, үгіттеген.

Ескішіл діншіл өте содыр ірі молдалар Зейнелғабиденді «усулжадитшіл» (жана әдістемешіл) деп сөккен, ескі дін жолын бұрмалайды деп сынаған. Зейнелғабиден дін оқуын, араб жазуымен оқытудың төте жолын көксеген. Мысалы, ескі дін жолымен оқытқанда бала бас сайын ілгері-соңды үлгеруіне жеке-жеке бала бассайын оқытқанда «Әптник» әліпбиден ежелеп оқытқанда бір бала үшін жылда әрең хат танытын болса, «усулы жадит» жолындағы оқыған ескіше ереже мен әріптерді дыбыстап оқытып, 4-5 айда хат танытқан. Өзіміз 1915 жылы Әлелі молладан «букварь» орнына оқытушы, әуел грамматика орнына «мұғалім сани» деген екі кітапты оқып хат таныдық. Келесі жылы, 1916 жылдан орысша оқыдық.

Зейнелғабиден өз үйінде жеңіл-желпі ауруларды емдеу үшін аптекадан дәрілер жинап, шкафта сақтап, өз аулындағы ауырған адамды емдеп жүрді. Емдегенде медициналық жолмен емдеді. Сол уақытта шығатын қазақ тілінде, орыс

тілінде шыққан газет-журналдарға өзі жазылып алдырып, үлкендерге жаңалықты түсіндіріп отырды.

Зейнелғабиден 1920 жылы қараша айында 37 жасында қайтыс болды. Зейнелғабиденнің қысқаша өмірбаяны мен идеясы осылай болған.

*Түсінікті жазған Сабыр Маликов.
11-қыркүйек 1959 жыл.*

Ескерту: Бұл кітапты 1958 жылы Омбы облысы, Марияновка ауданы, Үлкен Қарабас деген ауылда тұрушы Байболат деген адамның үйінен кездестіріп, сұрап алдым.

3. Ұлы ақын шығармаларының тұңғыш жаршысы

Ұлы ойшыл ақын дүниеден өтісімен-ақ оның шығармаларын қазақ әдебиетінің үлгі-өнегесі ретінде бауырлас татар халқына танытуға тұңғыш рет атсалысқандардың бірі – Зейнелғабиден ибн әл-хаж Әміре әд-Жауһари әл-Омскауи еді. Ол осы мақсат тұрғысынан 1909 жылы Уфа қаласында басылған «Насихат Қазақия» атты рисоласының /трактатының/ «Әдебиет қазақия, яки қазақтардың тіл өнері» деген бөлімінде жалпы қазақ поэзиясы туралы пікір қозғап, ұлы ақынның бірнеше өлеңдерін «Тобықты Ыбрай марқұмның сөздерінен» деген атпен жариялады. Зейнелғабиденнің мұндай азаматтық әрекеттерін академик М.Әуезовтің: «Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталған» – деген пікірін қуаттайтын нақтылы айғақтардың бірі ретінде қарауымыз керек.

Зейнелғабиден – Абай бастаған ағартушылық бағыттың ішкі рухы мен мазмұнын тереңірек ұғынып, оны ісімен де, сөзімен де дамытуға ұмтылғандардың бірі болатын. Оның қазақ елін отырықшыландыру, орыс мәдениетін меңгеру, ғылым-білімді үйрену, сөз өнерін дамыту туралы сындарлы ойлары мен пікірлері соның айғағы.

Ол өзіне ұстаз тұтынған Абай сияқты қазақ елін алдыңғы қатарлы мәдениетті елдерге қосудың жолы ағартушылық бағыт деп білгендіктен: «Адам баласы үшін қадірлі, қымбат нәрсе ақыл болып, сол ақылды жоғары басқышқа шығаратын нәрсе ғылым, өнер, мағруф /ағартушылық. М.М./ болса керек», – деген бірден-бір қорытындыға келеді.

Өзінің осы еңбегінде қазақ арасындағы ақындық пен шешендік өнердің сол кездегі халі мен жағдайына арнайы тоқталып, олардың келешегі туралы толғанып, келелі пікірлер қозғайды. Бұл өнердің ұлылығына мысал ретінде орыс ақыны Пушкинді тілге тиек ете отырып «... орыстардың Пушкині қияметкеше халық тілінде сөйленіп, тарихқа жазылды», - деп, осы ақындық өнердің орыс елінде қадірлі де қастерлі болуының себебін ол елдің ғылым мен білімдегі жетістігімен байланыстыра қарайды.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай шығармаларын татар халқына таныстыруды мақсат еткенде оны қазақ поэзиясының

асылы, жақұты ретінде үлгі-өнеге етіп ұсынады. Сөз өнері туралы пікірлері де ұлы ақынның ойларымен үндес шығып отырады. Мысалға алатын болсақ, Абайдың:

Қобыз бен домбыра алып,
топта сарнап.

Мақтау өлең айғыпты,

әркімге арнап, –

деген сияқты сөз өнерінің әлеуметтік, өнерлік мәнін түсіріп, оны жеке бастың мүддесіне құрбан етуші ақындардың болмашы әрекетін айыптай қарайды. Осы себептен де ол «Жалғыз-ақ шешендік байлаусыз, дәмесіз, көпке қадірсіз құрғақ болғаны сияқты, мақтаулы өлеңшілік те біреуді мақтап жақтауменен, біреуді жақтап сақтауменен болмайды, бәлкі шешеннің тілі, шебердің қолы ортақ болсын, өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі-өрнекпенен толы болсын», – деп замандас ақындарына өлеңге Абай қойған тегеурінді талапты қоя білді.

Зейнелғабиден сөз өнерінің басқа халықтар сияқты қазақта да барлығын, қазақтың да небір сөзге шешен, ойға көсем кемеңгерлерінің болғандығын әрі сөз өнерінің қазақ арасында сас кастерленетіндігін арнайы атап та көрсетеді. Бірақ осы сөз өнерінің басқа мәдениеті жоғары халықтардікіндей дәрежеде гүлдеп, шешек атпауының себебі қайда жатыр дегенге ой жүгіртіп: «Асылы, бұл екі өнер /ақындық пен шешендік өнерді айтып отыр. М.М./ басқа халықта болғаны сияқты, қазақтарда да барлығын, бірақ сол асылдың қадірін танып, орныменен ұстай алмай, ғылым, мағруф майыменен майланбағаны себепті ілгері аттай алмай сүрініп келе жатқандай», – деп ой түйеді. Яғни, сөз өнерінің қазақ арасында ілгерілей алмауының себебі ол өнердің қазақта балаңдығынан емес, керісінше, халықтың сауатсыз қараңғылығымен өнер-ғылымнан құралақан қалуында деп біледі. Бұдан құтылудың жолы халыққа ғылым, өнер шашу деп білгендіктен де Зейнелғабиден бұл мәселеде де халқына: «... қайрат етіп ғылым, өнер іздеу хақында машһур:

Жол көрмек, жоба білмек,

жиһан кезбек

Бой жеңбек ер жігітке ғақыл таппақ.

Тағдырын жүрушінің хақдан біліп,

Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.
Ниетін түзу болса, сенің аппақ.
Екі ел ауызыңа қойсаң қақпақ.
өсек дегенді сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ,
жұртқа жақпақ», –

деген Абай сөзіне жүгінеді. Осында келтіріліп отырған екі шумақ өлең де Абайдың осы күнге дейін жарияланып келген толық жинақтарының бірінде де кездеспейтін жаңа өлең. Бұл өлең жолдарын өзінің идеялық қарыны мен ұйқасы, өлшемі жағынан салыстырғанда Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген шығармасына өте үндес, орайлас келетіндіктен, мұны Абайдікі емес деуге шара жоқ. Тегінде бұл екі шумақ өлеңді болашақта басылатын Абайдың академиялық жинағына ендірудің жолын ойластыру керек сияқты.

Зейнелғабиденнің кітабында алғаш рет Абайдың өз атымен жарияланып отырған үш өлеңі «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайсаң, қайғы ойлайсың, ұйқың сергек», «Ал, енді жақсы дейміз кімді қалап», «Бай алады кезінде көп берем деп» деген атпен төрт өлең ретінде берілген. Бірақ бұл аталмыш өлеңдер Зейнелғабиденнің қолына түпнұсқа арқылы жетпей, Абай өлеңдерінің ел аузында жатталып, таралуынан тиген тәрізді. Өйткені осы төрт өлеңнің бәрінде де түпнұсқадағы өлең жолдарының ауысуы, тыңнан қосылуы немесе сөз орындарының алмасып кетуі соны байқатады. Бұл – жалпы Абай шығармаларының революцияға дейін таралу жолдарында кездесетін өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Сондықтан осы ерекшелікті ескере отырып, қалың оқырмандарға Абай шығармаларының революциядан бұрын ауызша жатталып, таралуының қандай жағдайда болғандығын нақтылы көрсету мақсатымен «Насихат Қазақияда» жарияланған Абай өлеңдерін сол қалпында ұсынуды жөн көрдік.

Мекемтас Мырзахметұлы

13 май, 1971 ж.

Бисмилла рахман рахим

Күллі һазбин бимала дайым парһуһ.

Әр адам өзіндегісін сөйлеп, бәрін мақтаса да, адам баласы үшін оның қадір-қымбаты ақыл болып, сол ақылды жоғары өреге көтеретін нәрсе ғылым, өнер, оқу-ағарту болса керек; бабаларымыздың «Ақыл азбас, алтын шірімес» деген сөзінің мағынасы: дүниеде өзгермейтін, құнды нәрсе ақыл-дегендік. Барлық білім, өнер, оқу-ағартуды – азбас жауһар, тозбас тон, айнымас жолдас десе, сай келеді. Бұл сөзден ақыл, білім немесе ғылым, оқу-ағартуға салыстырғанда байлық, патшалық бірде бар, бірде жоқ, опасыз нәрсе деген мағына шығады.

Сондықтан Аллатағала сөз басында оқып үйренуге, білмегендер білгендерден үйренуге, ізденуге үндеп, әр нәрсені ақылға салып ойлауға міндеттейді. Зерек, ақылды кісіге дүниеде ғылым көп, әр нәрседен үлгі-өрнек, ғибрат алып, одан әуел, адам баласы өз кемшілігін танып, Алланың ұлылығына, әділ ақиқаттығына, пәни мен бақида басына түсетін жазмыш сырына көз жеткізіп, соған қарап іс қылу – ақылы толысқан адамның жұмысы.

Құран кәрімде һақ сүбіһана уә тағала пенделеріне тапсырып былай дейді: «Ей, адамдар ізденіңіз, ойланыңыз, көріңіз, біліңіз; білімді мен білімсіз, көзді мен көзсіз бірдей емес; көңіл көзі соқыр адамның дәрежесі - малдан төмен; білімсіз болсаңыз, қор боласыз, дүниеде кем болғаныңыз сықылды, ақиретте де қор боласыз».

Әр халықтың ілгері жүріп, алға басуына себеп болған нәрсе: ғылым, өнер, мағруф болып, соларды халыққа таратушы, білмегенін білдіріп, алысты жақын, қиынды оңайлататын нәрсе де бұл күнгі жаңа шыққан кітап, уә ирсаләләр бүтін ғаламнан хабар беріп, пайдасын күзеткен жерде уағыз айтылар еді. Бұнлардан әрбір халық пайдаланғанда біздің қазақ шетірек қалып тұрған секілді көрініп, сыбағамыздан әр

уақыт кенже қалуымызға өкініп, неше миллион халық есімінен шығарған бір газетасы олмағанына қайғырып, мұнан кейін халқымыз бұл жұмысты ескеріп, әрбір адам оқып паһымларлықтай нағыз қазақша кітаптар басылып шыға бастаса екен деп, алаш ұранды қазақ есіміне бір кішкене ғана рисала жазып, қолдан келгенінше қызмет етуді мойынға алмақшы болған едім.

Рисалам қазақ есіміне жазылған соң, көбірек орынды қазақ шеуесінде [диалектісінде-М.М] болып, бәлкі нағыз қазақ тілін есітпеген татар ағайындарымызға да қазақ әдебиетіннен тілдік өрнектер көрсету ниетімен, толығырақ бейнелемек брлдым.

Зейнелгабиден әл-Жауһари

Жасыл шаригат исламымыз дүние мен ақиретте бақытты, сағадатты болуымызға жол ашып, залалды жауыздық жолынан арашалап, екі жолға екі түрлі уағда айтады. Бұған қарағанда жақсылық-жамандықты өз ізденуімізден, қылған кәсібімізден тапсақ керек. Кейбір адамдардың Аллатағаланың берген ақылын, қабілетін іс жүргізбегені себепті, жаһил, надан қалып, құдай тағала маған ғылым-білім бермеді деуге орын жоқ екен. Енді біреулердің жалқаулықпен ғұмыр өткізіп, құдайға тапсырдым, Алла асырар деп еш кәсіп қылмаған себепті /натуральный/ табиғи ондай адамдар кем, әрі болашағы мардымсыз болмақ.

Рас, әр нәрсе Алланың тағдыры әйлә бола. Лекін бәнденің кәсібіне қарай беру ғаделетті-дур. /Уәләһим тәжида ли сүннәти Алла табудила/.

Бұл сөзден мақсұтым: Аллатағалы ізденуге үндейді, дін ислам жалқаулықтан тияды: бес тиындайын кемшілік болса, өз ісімізден, ұйқымыздың көптігінен демекші боламын. Дүниенің түріне, ғаламның өзгеруіне, әрбір халықтың ілгері басуына қарағанда, әрбір ісіміз кенжелеу көрінеді. Әркім өз шаруасының айналасында ғана болмай, көпке пайдалы нәрселердің қамында, халық үмбетіміздің ілгері басу қайғысында болуға лайықты адамдар шама келгенше халықты тұғралыққа айдап, дүннеде кем, ақиретте хор болмас жағын жақтап, алды-артымызға көз салып, келешек ғұмырымыздың беті қалай, нендейін заманда тұрмыз? Бұ кетісімізбенен не дәрежеге барып жетуге лайықпыз, бұны ескеретін мезгіл болса керек еді.

Ғылымның жолына қарасаңыз, жыл сайын өзгеріп, күн сайын ілгері жүруде. Адамдар да білмегенін білуге талаптанып, ғылым, өнер, мағруф қақпасын зорайтуға асыққандай көрінеді. Басқа халық ертеңгі ...азығы келешектегі бакыты үшін дамылсыз харакетте: Амма біздің халық бір қалыпты жүріп келеді, артық оған-бұған азаптанбайды. «Таңдағы тамақ тәңірден, көппен көрген ұлы той» – деп кеткенді іздемей, барына қанағат қып, «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді, ертеңгісіне есек қайғырады» – деп тәуекелшіл бір халық еді.

Дұрыс, бүгін рахат, ертең не болар екен? Таңдағы тағамға бүгінгі кәсіп керек болса керек. Қатыны ерге, ер жерге қарап жүрмесін. Өнерсіз кісі қанағатшыл. Құрғақ тәуекел шарифатта жоқ. Қасқырына жолықса, тоқты түгіл боқтығын да қоймас. Ертеңгісін есек те ойлайды, адам баласы бес-он жыл алдындағысын ойласа керек. Жүз жылғысын ойлаушылар да бар. Ойға келер, біздің халық сонша кем бе? – деп бәлки айтушылар да бар шығар. «Жаз жайлы, қыс жақсы болса, азды-көпті күн көргіш қолда болып тұрса, ол не керек, бұл не керек!!!

Шіркін, біздің қазақтан артық жұрт бар ма? Береке қазақта ғой! Әнеугүні жәрмеңкеде қалаға барып едім, үйге қайтқанша асық болдым. Дұрыс, әр халық тегіс емес, бізде де ғапыл-пікір иелері, бағзы оқыған ғылым өнер иелері де бар. Лекин жалпы көпке қарасақ, естімегеннің малы әр уақыт түгелдей көрінсе де, әр жөннен кемшілік көрінеді. Өз дәрежесін, басындағы кемшілігін біліп, ілгері жүру қайғысын ойлаушылар аз табылады. Бегегелі бел, шалқар көлдер көрінгеннің қолында кетіп, жеті-сегіз ай қыс болса, мұнан былай жаз жайлы, қыс күйлі де бола бермес.

Екі ауыл арасына соқа жүріп, жайлау-қыстау, күзек сақтаған жал-жаяна қол салса, ойнап-күлу түгілі амандыққа әлің келмес.

Бұрынғы кең сахарада өсіп-өніп, уайым-қайғы жоқ, жайылған малдай қағу-бағу жоқ, жан қинап мал табатын емес, жаз жайлауға шығып, көкорай шөптерді орып, ішкені алда, ішпегені артта. Келесі ғұмыр ақирет қайғысы былай тұрсын, қыс қамы да естен шығып қала жаздаушы еді.

Рас бұл нығмет уақытында үлкен береке, зор жақсылық еді. Лекин ол нығметтің қызығын өткендегілер көріп, зарарын кейінгілер көрсе керек: Не үшін десеңіз, ілгергі аталарымыз жайылып өз еркіменен жүргенге мәз болып, орын алған ағалар жас баладай қолына ойыншық ұстағанға алданып, кейінгі әулет балаларының пайдасын ойлап, келешек ғұмырында миллет /ұлт/ уа халықтың не дәрежеге барып жетуіне көз

салмаған сықылды көрінеді. Сол аталарымыз заманынан бастап ынтымақ, бірлік ұрығын өрбітіп, ғылым, өнер шыбығын өсіріп, Хамит Уатанийа уа ғайриаб исламийа отын үріп, жаһалат, тағасуаб, талас-тартыс отын өшіру жолында болсақ, екінші, үшінші халық қатарында біз де болар едік.

Бұл тұрғыда бір әдибтің сөзі қаперіңе келеді:

Бұл заманда не ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Дүрі гауһар сөз ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Мүридi тауып болмаса,
Камил де болса пір ғаріп.
Биі әділ болмаса,
Болады екен ел ғаріп.
Ата-жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қайратты туған ер ғаріп.
Шөл азарға тап болса,
Балқаш біткен ойпаң көл болар
Шалғыны кетіп сор болар.
Су азарға тап болса,
Теңіздей сулар көл болар,
Көл таусылып шөл болар.
Мал азарға тап болса,
Арғымақтың баласы
Жабыдан бағасы кем болар.
Халық азарға тап болса,
Ақсүйектің баласы
Қарамен басы тең болар.
Қарағайдан биік ағаш жоқ,
Түбінде бір талша жоқ.
Ағайын, туған кімде жоқ,
Сыйласпаса жатша жоқ.
Арғымақ тұлпар кімде жоқ

Шаба алмаса тайша жок.
Қожа, молла елде көп
Шарифаты болмаса,
Есек мінген сартша жок.

Енді осы сықылды аталарымыздың хикматлы, мағыналы сөздерін тұтқа қылып, үнемі өзімізді кем санамай, басқа халықтан ғылым, мағрифатымыз төмен болса да атамыз кем емес, сүйегіміз тең. Іздесек, біз де адам баласы, табамыз деп барып, көңіліңді бір мезгіл ілгері салып, үлкен талапты, зор ғимматлы /мақсатты/ болуға әдеттенуге керек еді.

Екінші, өз лұғатымыз бойынша тіл өнерін сақтап, олай-бұлай бұрмаламай, тілімізді, дінімізді өзгертпей, шеттен өнер, мағрифат жинап, мақтаулы әдет, табиғат, шарифат, ақылға ұнаулы көркем ғұрыптарымызды қалдырмай, екі дүниеде де қор болмас үшін, тіршілік тылсымын да біліп, ақыл-пікір қорасын зорайтсақ екен! «Шөп бітпес деп жерден, мал бітпес деп ерден түңілме» /да” ира/ деген сықылды халық қызметін мойнына алып, ислах (реформа), иршад (ағарту) хақында сағи айтушы жігіттер, хикмәт айтушы қариялар болса ғайраты (гүлдену) босқа кетпес деп үміт етуге жарайды.

«Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерде мал тұрар» дегендейін
«Ынсаплы елде хақ тұрар
Өнерлі ерде бак тұрар».
Жалқауға дәулет үшін ұйқы беріл,
Жаманға ақыл үшін күлкі беріл» –

десек мағынасыз болмас еді. Сағи ғайрат айтып, ғылым, өнер іздеу хақында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі:

Жол көрмек, жоба білмек, жаһан кезбек,
Бой жеңбек ер жігітке ғақыл таппақ,
Тағдырын қайғы шердің хақтан біліп,
Кешелі өнер иесін жүрсе жақтап.
Ниетің түзу болса, сенің аппақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ.
Сыбыр, өсек дегенді сырттай жорғып,
Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ.

Алла тағаланың тарапынан келген құран уа Расул Алла афандіміздің хадисі

Хақ Субхана ау тағала Фазыл рахматы мен Расул афанді-мізді бүтін ғаламға елші сайлап, адам баласының дүние уа ахиретте сағадатли уа бақытты болуы үшін 114 сүре 6616 аятлы қанун алһи шарифат кітабын жіберіп, адам баласы-на пайдалы нәрселермен әмір қылып, зарарлы нәрседен тыйғаны сықылды, дүниеде кем ахиретте қор болмау жолын баян етіп, игі жол көрсеткен еді.

Сол Құран Каримде айтылған туғры жолмен жүрушіге дүниеде жал нығмет, бақыт, ахиретке іжир уа сағадат берем деп уагда қылып: исламийат жолынан адасып, Алла әмірін орнына келтірмеген миллат халыққа дүниеде кемдік, ақиретте қорлық болар деген еді.

Пайғамбарымыз алейһи-с-салату уа-с-салам. Хазіреттері-нің жиырма үш жыл ішінде пайғамбарлық қылып, халыққа сөйлеген сөзі бұл Құранның аяты, Алланың уақиы еді.

Расул афандіміз жүз мың сахаба айле Хаджату-л-уада 'ида'¹. Арафатқа жиылып тұрған уақыттарында /Әл-йаума аklamту лакум динакум уа таммамту алейкум ниғмати/ бұл күнде дініңізді түгендеп толықтырдым, сіздерге нығметімді та-мам еттім деген аят қаримасы еніп, ол Сұлтан ан-биа'и пайғамбарымыз өзінің бұл дару финадан /жалған дүниеден/ көшерін аңлап халыққа құтба, сахабаларға өсиет, кейін-гі ұмнатларға сәлем айтып, аят жалиласы бойынша, Расул афандіміз /Ла йаблағ аш-шаһиду минкум ал-ғайба/ сөзі бірлө мен өз уазифа, міндетті ісімді ада қылдым, сіздерден бұл мәжілісте Муһажир² болғаныңыз, болмағаныңызға /соңғы ұмнатқа/ өзгертпей жеткеріңіз! Бұл бір аманат, қалдырған мирас деп, сол қызметті орнына келтірмек үшін, кейінгі халыққа айтып, ұқтырып фахимлатмақ /түсіндірмек/ үшін /ғұлама'у уарисатун ал-ан-биа и/ ғалымдар пайғамбардың мирасхоры деп, аһил илмнің /оқымысты, ғалымдар/ мой-нынна артқан еді., Хәмда /Куллукум ра'а уа куллукум масу-улун ан-ра'ийатиhi/ сөзімен бұл қызмет мұқадасты жалғыз

аһил ғылымға /илмға/ тапсырмай, бәлки бүтін аһил исламға хусусан халық басшысы, ел ақсақалына сөзі өтімді /нуфуз-лі/ орын алған адамдарға тапсырып, қойшы, күзетші баққан малынан сұралғаны сықылды сіздер де кейінгі халық, қатын-бала өреніңізден сауал қылынып, жауабын беруге міндетсіз деген еді. /Тилка аяту-л Китаби-и хакийму худан уа рахматан лил-мухсинин/ Аят каримасы мен бұл Құран Карим: Аллатағаланы бір деп, пайғамбарды хақ деп, ахирет күніне сенген кісілерге жол басшы, дүние ахиретте рахмет уа сағадат болып, Алла әмірін наданшылығымен ойын-күлкіге айырбастап, адам баласының пайдасы үшін қойылған шарифатымызды жеңілге сайып құлағын салмай, жүзін бұрған адамдарға /азаб махин/ қор қылатын азаптар болар деп қорқыту, ойда бизате мархабатты Аллатағаланың бәндадарын туралыққа айдауы, ол Хаким каримнің әділеті еді. Бинаун алейһи бұл Құран Карим қолында болған адамдар, Расул Алла көрсеткен жолмен жүрген еш уақыт дәрежесі кем болуға лайық емес. Оның үшін Аллатағаланың біздерге жіберген низам уа шарифатында кемшілік жоқ. Бәнадалар пайдасы үшін көп ихтияр, тиесілі /хұқык/ прауалар қойып, дін ислам дүниеде рахат ғұмыр сүруден тыймайды. Бәлки хақиқат исламийат мұсылмандарының басқа халықтан артық болуын өнерлі, мағрифатылы болуына үндеп, ғафыл, надан қалудан сақтандырады.

1 Пайғамбардың серіктерімен қажылықтағы қоштасуы.

2 Муһажар - Меккеден Мәдинаға қоныс аударғандар

Құран ғазим немен бұйырған?

Құран Карим Алланың барлығына, бірлігіне сеніп, хазир назир деп біліп, барша бұйырған қызметтерін орнына келтіріп, тыйған нәрселерінен тыйылмақты бұйырады. Аллатағала тарапынан бүтін ғаламды /ислах/ түзету үшін жіберілген пайғамбарларға және олардың келтірген кітаптарына уа ахирет күніне, ұжмақ, тамуғ, хисаб мизанның /септеуші таразы/ болуына кәміл иланып, иман келтіргеннің соңында тахарат /дәрет/, наззафат /тазалық/, намаз, ораза, зекет, хаджны бұйырғаны сықылды, адалат, садақат /достық/, тақуалық, тазалық, адамдар бір-бірімен үлфат айтып, әр істе мәслихат машуратда болып, бір-біріне /та'ауун, тунасир/ жәрдемдес болуларына әмір қылды.

Һәмда мұсылман мұсылманды қарындаш деп санап, ислам дінінде мынау алыс, мынау жақын демек жоқ. Адам балалары бір Алланың бенделері, бірінен бірі артық емес деп біліп, әмір мағруф, нахи мункаир айтып, дін қарындашларының /туыстары/ арасын ислах қылмақны бұйырады.

Жалғыз-ақ /Ин акрамакум 'инда Аллаһи атқаанум иннама иахша Аллаһа мин 'ибади-л-'улама 'и, ати' у Аллаһу, ати' у ар-Расулу уа Ула-л-амри мин кум/ аят каримасы бойынша Алла Расул әміріне 'итағат айтып, адамдар өз арасында болған әмір иелеріне халықты тура жолға айдап, жауыздықтан тиюшыларға итағад айтып, Алла қасында құрметті адам. Тақуалық қылушы, Алла әміріне бой ұсынушы, халыққа әмір мағруф, нахи мункаир айтып, дін таратушы ғалымдар деп білсе, лайық дүр.

Құран әзім және салиқ рахым, ата-ананы тәрбиелеп сыйлау, пақыр, міскін, нашарларға /ынғам, ынфак/ қарасу, әдеп-ынсап, сағи-ғайрат пен әмір қылғаны сықылды адамдармен хасан /жақсы/ мәмле айтып, көркем қылықты, ашық жүзді, жылы сөзді болмақты бұйырды «ман жаһада фина, минаһдинаһум сабална, анфару хафафан уа сақлан уа жаһаду бамулкум уа анфасакум фи сабили-л-лаһи уа ан лайса ли-л-

инсан ила ма си'а уа инна са'иһу сауфа иара, куллу нафси бима касабат раһин.» аят каримлер узун мағыналарды бейнелейді.

Қысқасы: иман келтіргеннің соңында ізгі амалдар, қалуб қанун алһийа тарик хақда сабит болған адамдарға Құран-Кәрім неше орында са'адат абдиһу, мәңгіге байлық, үзілмес бақыт айле /пен сыйлаумен/ уағда қылған.

Расул Алла әпендіміз хазретлері де сол Құран-Кәрімде болған амал салиханы тілмен сөйлеп, қолмен істеп, хәлімен халыққа көрсетіп, сахабалары да Алла қаламы Расул Алланың санат шарифасы /шарапаты/ мен таби'ин де таби'инлер ізінен кете берді. Сол Құран-Кәрімнің сөзімен Расул Алланың санат шарифасынан сахабаларының амалындан кейінгі ғалым мужтаһидлар шарифат заңын /қанун/ түзді. Бұл мужтаһидлардың айтулылары: имам Ағзам, Әбу Ханафия, имам Мәлік, имам Шафиғ, имам Ахмед болып һар қайсысының мазһаблары хақ дүр. Бұл ғалымлар Құран әзім уа хадис Расул Алладан хукумлар шығарып, дін исламға көп қызмет еткендер еді.

Енді: /хайран меқарун қарни сумма әлләзина иалунаһум сумма әлләзина иалунаһум/ хадис-шарифі бойынша сол заман са'адатларынан бүгінге дейін адамдар арасына ихтилаф талас-тартыс түсіп, мазһабларға бөлініп, Құран-Кәрімнің ізінен адасып, Расул Алланың өсиетінен және сырынан жаңылғандай болып келмекте еді. Сонда да Хазрет Расулымыздің /ла иазал мин уммати уммату қа'имату би амри Аллаһи ла назараһум мин хазалаһум/ хадис-шарифін ойға алып, Құран саласында соның пайда болған бада'ат хирафат ауһам хиалатлар қалдуруб, Құран Әзім санат Расул Алланың рухымен, саф салиханың жолыменен жүріп, саф таза, исламийат ила тәрбиеленсек, /һууа әлләзи арсала Расулаһу би-л һадиа уа дин-ул-хақ ли-назһаруһу 'ала-д-дини куллаһу/ аятындағы дін хақ ила мутассаф /кунтум хайру уммату ухражат ли-н-наси та'амирун би-л-'аруф уа танһун 'ан-ил-мункар/ аятындағы хақиқи уммат жумласінан болар едік.

Қазақтардың қазіргі халі

Русия қол астында 6 миллиондай қазақ баласы мал тәрбиесімен айналып, көшу-қону шаруасымен шұғылданып, ілгергі уақыттарда барымта, жау жаласымен кейінгі замандарда сөз уа партия афатымен ол шариф дін исламды рауаджландра /жандандыра/ алмай, халықтың тәрбиесі кемдеу болса да, біраз жылдан берлі дәл бұрынғыдай болмай, азырақ ілгері ілім, мағруф жөніне бейімдеп, шөп-мөп шауып, қора-қопсыны түзетіп, егін салып, балаларын оқыта бастап, мәдениеттің бірінші басқышына аяқ басты десек, жәиз. Хагта бұ күнде Уфа, Троицкий, Орынбор, Петерпаул, Семейполат шаһарларында оқыған шәкірттердің үштен бірі қазақ балалары десе жарайды. Ел ішінде әр ауыл молла ұстап, балаларын оқытуда. Орысша оқушылар бар. Бұл уақыттарда жаз үш-төрт ай, бағзы жерлерде екі-үш ай ғана жайлауға шығып, мал семіртіп, егін, шөбін шапқан соң, қыстауына қонады. Араларында мал, тері, кезлеме саудасымен тижарат етуші арада көбейіп келеді. Соңғы екі-үш жыл ішінде егін салу кәсібі де 1908 жылда Қостанай уезінде кісі басына екі жарым десятина, Ақтөбе оязында бес десятина жер, Орал облысында 1905 жылда кісі басына алты десятина жер шашылған. Ақмола, Семейполат облыстарында егін, малы зорайып келеді., бұған қарағанда біздің қазақта мәдениеттің екінші басқышына аяқ басуға әзірленді десек, лайық. Аллатағала рауадж берсін! Көп кешікпей мәдениеттің жоғарғы қатарларына шықмақларыны өтініп арзу етеміз. Бұ тұғырыда айтылмақ сөздерімнің бірісі: ілгері ақыларды біздің қазақ Самар, Қазан гүбірналарында татарлар да көшпелі жері көп бос сахара екен. Солардың хәрқайсысына халық толған соң, бұ күнларда қазақ жеріне хақоллар құйылды. Бірнеше жақсы жерлерін алып, әуелгі кең жерлері тарылып келді. Өткен күннің келмеуіне жер алындың тоқталмауына көзі жеткендей де болып келеді. Енді біздің қазақ сол қалған жерінің ең жақсы жер егін шығатын жер деп бөліп, бетегелі. кара топырак, сулы орындарына орнығып, келешек заман-

да ең қадірлі жер егін шығатын жер деп біліп оған-бұған алаңдамай егін жағын құтландырып, шама келгенше мал өсіру кәсібін де қалдырмай, сауда-саттық айтып бұрынғы жалқаулықты азайтып, дүниәда хор, фақыр миллет болудан сақтансалар екен.

Екінші сөзім: Хар миллетнің илгәрі басуына, құтлу өнерлі болуына себепші болған нәрсәләр болғаны секілді кемінде белгілі бірнеше сабаплар болса керек. Хар екісіне де жоғарыда ишарат қылып өткен едік. Фақат бұл орында нечук ислах, қалай ілгері басамыз. Келешек ғұмырымыздың пайдасына не қылмақ керек? Мұның шарасын ойлап, ел адамдары, ақыл нелері, ілім пікір арбабы /қайраткері/ халыққа басшы болып, мади яғни дүниеде рахат ғұмыр кешіру жөнін түрлі себептермен /сабаплар илә/ таһмин мағишат жолын ашып, мағнауи құт ахрауи сағадатымыз үшін, дүниәда хұқымыздың зая болмауы үшін, дін істерімізді уа шаригат жолын көмескі қалмай, саф жауһарды тәрбиәсіз қалдырмай әлхак ахак йутаббиг деп, сол қанун ілімге әрбір ісімізні тапсырып, оның қылған үкім төрелігіне мойын ұсынып, бір заман сынап қарасак екен!

Мұнан кейін сол халықтың артта қалуына себеп болған нәрселерді әр жихаттан зарарлы бірнеше әдет қылған жұмыстарды қалдырып, оның орнына көпке пайдалы, ақылға ұнаулы, халықтың түзеліп, ілгері басуына себепші болған істерді араға алуға ичтихат етсек екен.

Ынтымақ, бірлік хақында шаригатымыз не айтқан?

Құран каримде: Аят Каримасының мағынасы /Аллатағала бэндаларына айтар/ Сіздерге баян қылған тура жолда сәбит болып, бақыт сағадат сарайына /саадат/ тура алып баратын Аллаһың арқанына жабысыңыз, талас-тартыс қылып, бір-біріңізді бөтен санап айырылып таралмаңыз. [Уа ати'уу Аллаһу у расулуһу уа ла таназағу фа тафшалу уа тазхабу... уа асбуру уа анна Аллаһа м'а с-сабирин.] Аят Каримасы мен Аллаһ уа Расул әміріне бой ұсынып, пайдасыз істерде таласпаңыз. Әгер осы жолдан шығып, бір-біріңізге дұшман болып бытырасаңыз, таралып тапталасыз. Күш-қуатыңыздан айырыласыз. Әр істе сабырлық қылыңыз. Аллаһ сабыр иесімен [Иннәмә ал-му'минуна ахуху фа – аслуһу байна ахуйкум].

Мұсылман мұсылманға қарындас, бәс өз туғанларыңыз арасына бұзықшылық салмай, түзулік жағында түзету қайғысында болып, екі адам сөйлесе, екі ел араздасса, араға кіріп, татуластырыңыз. [Ла йасхару қауман мин қаумин 'аса ан йакунуна ахиран минкум.]

Біреу біреуді мысқыл қылып, бір ел екінші елге күлмесін. Өз басына күлу уа жақын біреуге жаман атақ жапсырып, өзіңізді айыпты қылмаңыз. Халық көзінде сұлу, таза адам көрініп, астында жаман ой, жауыз фікірлі болмаңыз. Хақлық, шындық, тоғырлық, адалдығы болмаған адам Аллаһ қасында залымлар дүр. Аллаһ әмірінен қорықсаңыз, біреуге жауыз күмән қылудан сақтаныңыз. Біреудің жасырған /мінін/ айыбын тексермеңіз. Сырттан дұшмандықпен бір-біріңізді айыптап, ғайбатлап, мұсылман қардашыңыздың етін жемеңіз. Алла әміріне бой ұсыныңыз, оның үшін әуел Аллатағала дүнийада жамиғ нигмат, ахиретте мәңгілік сағадат /бақыт/ беруші бизатих әмір мархаматли бір зат афдес дүр.

Ынтымақ, бірлік хақында біреу біреуге залымдық қылмау турасында Расул Алла афандіміз да неше орында итифақ, итихад, бірлікке үндеп, әр жөннен зарарын сөйлеген:

Мұсылмандар бір анадан туған кісідей біріне келген зарар қайғы екіншісіне келеді, біреуі біреуіне мұқтаж. Керек-

сіз қылып шетке қағу жоқ. Мысалы, бір-бірін байлаған үйдің бөренесі сықылды, үйдің бір кірпіші сынып түссе, ол үйде жылулық қалмағандай, мұсылмандар бір-біріне жәрдемдес, ынтымақтас болмаса, қуаттана алмас. Істері ілгері кетпес. Бұ мағынада пайғамбарымыз: [Ал-мұслиму Аху-л-мусими, ла йязламуху уа ла йахзалуху уа ла йахқараху, ал-муслиму мин салами-л-муслими ан йадиhi уа лисаниhi, ансара ахака залиман ау мазлуман-ар-рахимуна йархамухум архаму мин фил 'арди йархамукум мин фи-с-сама-и ла йу' минуна ахад'а хатта кум хатта йухиббу ла ... йухиббу линафсиhi хай-рун-нас ман йанфа'у-н-наси, шарри-н-наси ман йанфа'у-н-наси]. Мысалы, уағыз уа насихатларда болған бу хадис шарифлардың қысқа мағынасы: Мұсылман мұсылманның қардашы /туған/, біреу біреуге залымдық қылмасын, қорламасын, күйдірмесін. Анық мұсылман деп сол адамда айтамыз. Нахақ кісіге орынсыз жерде тіл ұзатып, қол тигізбес, елге, нашарға қарасып, нақақ адамды залымдарға жегізбей марқаматлы да шафақатты болулар. Өз басына тілеген жақсылықты басқа туғандарына да болуына қызғанбас, адамдардың ең жақсысы өз пайдасын ғана ойламай көп қайғысын ескеріп, халық пайдасын түзеткен кісілер дүр.

Адамдардың ең жаман жауызы: халыққа пайдасыз, зарарлы, бұзақы адамдар дүр.

Енді бұл сөздерден үлес алып, әркім өзін өзі түзулікке айдап, ақылға уа шарифатқа муафик істерді орнына келтіріп, Алла мен Расул Әміріне хылаф жұмыстарды халық арасынан қалдыруға иjtихад айтып, адамдар бір-бірімен достыққа, бірлікке, туырлыққа бекініп, өкшесізлікті қойып, әрбір кемшілігімізді түзетуге кірісіп, әр фәннің бір басшысы, әр істің бір қызметшісі болғаны сықылды бу әмірде әмір мағруф, нахи-мұнқир қылып, халықты ізгілікке екі дүниелік сағадатқа /бақытқа/ бастаймын деген миллат уа дин қызметшілері болса, халқымызды бұрынғы жалқаулық, салақтықты қойып, нағыз көпке жанын пида, миллатқа малын құрбан қылатын қаһарманларға ел пайдасын ойлаған арыстандарға иjtиар қойып, әркім шамасына қарап күш-көмек жәрдемдес болып, әр адам өз басына тиісті қызметте дауамет істесе екен.

Болыстық сайлауында, партияға бөлінуде пайда бар ма? Зарары қандай?

Хай'ат ижтима'гия /қоғам өміріндегі/ күллу халықтың тыныштығына зарарлы. Әрбір фитнаның оянуына себепші болған, әкеден баланы, ағадан ініні айырып, бүтін халықты әуреге салатын нәрсе: ел ішінде болыстық билік, хатта ауылнай бибарнайлық сайлауында ақша жүргізіп, талас қылып, партияға бөлінулері еді. Бұ партия деген бәленің басталуы: дәулет аясы байларымыздың көңіліне бір дерт түседі. Аллатағаланың берген дәулетінің қызығын көріп, болыстыққа сайланатын, болыстық қызметі қазаққа аз емес қой деп, шама келгенше, бұл жолдан малын аямайтын болып, бір жыл бұрын қолына түскен адамдарды ертіп алып, ел жинап, атқа міне бастайды. Сол елде екінші бір бай әлгі адамның бұл ойға кіргендігін біліп, өзіне ерген адамдармен о да кісі жинап, елді бөле бастайды.

Сонымен қашан сайлау болғанша байлардың есігі босап, қолы ашылады. Қызуырақ болғанда берген аттың майы есеп емес, бұл жолға шығарған ақшасы төрт, бес мыңнан он мың сомға, кейде ірі байлар намысқа кірсе, екі жағынан да айдап қыздырушылар болса, он бес, жиырма мыңға барып қалатын уақыттары болады. Айтылмыш ақшаның айдауымен бір ауыл екінші ауылмен дұшман, біреумен біреу дос, біреумен біреу араз, тіпті бір ауыл екіге айырылып, бір үйдегі адамдар біреуі анда, біреуі мұнда болады. Екі жақтан айла тұзағын құрып, неше түрлі қылмыс торын жайып, біреуді біреуге атыстырып, біреуді біреуге қосып құда қылып, байланыстырып, әрбір фитнаны араластырады. Сонымен мың-мың ақша, жүз-жүз адамдардың жүрісі шыдатады ма? Бір жағын әлсіретіп болыстықты біреуі алып, үш жылдық қызметіне сайланады.

Халықтың пайдасы партия уақытында тамағы тоқ болады, оған-бұған жұмсауға азырақ расходтық ақша да түседі. Лекин бұл пайдасынан, әр жөнінен зарары артық болады. Қияметтегідей сайлау уақытында біреу-біреуден айырылғандығы, басқа уақыттарда да естерінен шықпай, сол ізбен халық арасында суықтық үзілмейтін болады.

Екінші, ел алу үшін біреуі біреумен құда болып, жас балаларды байланыстырады. Келешек ғұмырында ол балалар бір-біріне тең бе, кем бе? Оған қарамайды. Соның үшін біздің қазақта әркім сүйгеніне барып, теңіне қосылу аз табылады.

Шариғатымыз сүйгеніне, лайықты теңіне беру атаға міндетті борыш десе де, бұны ойына алып, азиз баласына жаны ашып, бұл жұмысты атқарушылар ілуде біреу табылады. Баланы жастай бергендіктен, әр фитнаның өрбуін, жесір дауларының себебін өз орнында сөйлерміз.

Енді келейік әуелгі сөзге: «Ал-ғайату табара лил-уасила-ти» деген сықылды, қызмет адамдары халыққа әділдікпен айта қалғандай жақсы қызмет етсе, ел пайдасын жұрт қамын күзетіп, турылыққа айдаса жарайды ғой. Жүрген жерін қағыстырып, соғыстырып, сайлауда шыққан шығынның үштен бірі шама келсе, онан мұнан жарымына жуықтатып жинастырып алу қайғысында болса, үлкен бәле бұдан табылады. Халық ішінде ынтымақ, бірлік, татулық, тыныштық болмасқа себеп болады¹, әттең!!! Байларымыз бұл істі ақылға салып, пайда-зарарын өлшеуге алып қараса екен! Дұрыс халыққа қызмет етіп, Алладан бақыт ізденуге жарайды ғой. Лекин Алланың жақсылық, байларымыздың бақыты сол қызметке ғана хасланип, адамның адамшылығы сыртынан ғана табылмаса керек. Ақыл, білім иесі болыс болмаса да, қадірін халық таныса керек еді. Бұ тұрғыда бұрынғылар айтқан екен:

«Жақсы адам жаман болмас, жағы түсіп қарысады, жаман адам жақсы болмас қанша қыдыр дарыса да. Амудария қарам болмас қанша иттер сарыса да».

Ал-Хасил болыстық қызметі ел ішіндегі жас мырзаларымызға ақыл танып, жол жүріп, жоба білмек үшін талаптану лайықсыз емес қой. Жалғыз-ақ бір үш жылдық қызметке сонша ақша ысрап етіп, партия жасап, елге бүлік салуға тұрмайды ғой деп ойлаймыз. Дәулеті бар адамдар Аллатағаланың берген нығметін орнымен жүргізіп ықтиярымен жұмсаса, жалғыз ел ішінде ғана жүрмей, бағзы уақытта жаһан кезіп, шаһар аралап, әр нәрседен үлгі-өрнек,ғибрат алып, дүние ахиреттік сағадат бақыты үшін көп пайдасы дін жолына, сайлауда шығарған ақшасының үштен бірін, бәлкі, оннан бірін шығарып, халық ішінде шыншыл түзу адам болуға иждиһат етсе, ондай адам ел ішінде болыс емес, аға сұлтан деп саналар еді.

¹ Болыстықты біздің қазақ сонша қадірлі билсе де, болыстарымыз да өзін өзі дәрежелі санаса да, біраз нәрсені шатақ кылып, ұлықтарымыз түсіріп тастай ма деп неше мың (тенге) шығарып болған соң, бұл қызметтен қалу үлкен қиындық көрінген себепті әр уақыт жалынышты болады. Оның үшін арба майсыз болғанда жемге үйренген сабаздар бір жеті күн отырғызып, болмаса түсіріп тастауы да қиын болмайды.

Мектеп медреселеріміз, мешіттеріміз бар ма?

Жоғарыда һәм айтып өткен едік, әр ауыл молла ұстап, бала оқытуға айналса да, ауыл сайын тәрбиялап жиылып намаз оқитын жақсы таза ғана мешіттері болмайды, болса да ол мешіттер не үшін салынғанын білмеген адамдар да көп. Бұл мешіттің жоқтығы халықтың жиылып намаз оқымаулары үлкен қасірет буюк кемшіліктен саналады. Мешіт салып, жамағат болып жиылып намаз оқуға біздің қазақтың көп орындары әдеттенген жоқ. Шарифат исламиямыз бір таза орынға жиылып, Аллатағалаға [азһар ибадат] құлшылықты міндетті фарыз қылса да, ауыл халқы бірігіп ортасынан бір таза үй салып, бес уақыт намазын сонда оқып, уағыз насихаттарды естуден мақрұм болып, келмекте дүр.

Балалар оқу үшін де бөлек мектеп салып, оқытушы моллалар да бала оқыту тәртібін білетін ілімі бар үлгілі медреседен шыққан адам болмаққа керек еді.

Қисық арба жол бұзар,

Шала молда дін бұзар,

деген сықылды /Усулул тағлим/ бала тәрбиелеу жөнін білмеген моллалар балалардың ақылын, табиғатын, құлқын тамам бұзып бітіреді. Жас бала жаңа өсіп келе жатқан шыбық сықылды, қалай исең солай иілуге келеді. Сондайын жас табиғатына ілкі ілім тәрбие усули тағлымнан хабарсыз мұғалім әпенді өзінің қисық тезіне салып, таңертеннен кешке дейін балаларды қамап, ауыл шетінде бір баланың ойнағанлығы ойына түссе, шыбық салып, балаларға еш уақыт жылы жүзбен қарамай, қолында шыбығы, балаларды тергеуге алған кісідей алдына жүгіндіріп, ақырып-шақырып, балаларды су жүрек қылып, тамам оқудан ықыласын алып бітеді. Балаларға осындай моллалардан сабақ оқу үлкен мехнат көрініп тұрады. Хаттә бір бала ата-анасына жақсы қызмет етпесе, сені пәлен моллаға оқуға берейін десе, бала қорыққанынан нендей қызмет болса да істейді. Енді бұрынғы екі ай әліппе, үш ай иман шарт, алты ай әптиек оқитын уақыттар өтті. Бұл күнде мектептерде тәртіпке қойылып, балалардың түсініп оқуына лайықты пайдалы жаңа кітап-

тар шығарылды. Сол кітаптарды ретімен оқығын, бала тәрбиелеу ілімін білген адамдар аз уақытқа көп нәрседен хабардар қылады. Бұған шәһәрлі жерлерде «Усулу жадид» дейді, қазақ ішінде – төте оқу деп атайды. Ол «Усулу жадид» дегеніміз – басқа жаңа шыққан оқу емес, бұрынғы оқу. Жалғыз-ақ балаларға аз уақытта жазу жаздырып, кітап оқытып, әр нәрседен хабардар қылатын жаңа шыққан тәртіп. Шаһарлы жерлерде балаларын тәртіппен оқытып, пайдасын сынап білді. Біздің қазақтар да бұдан былай осы төте оқумен оқыта бастаса екен! Ілкі мұғалімдікке шыққан шәкірттеріміз де мақсаттары қазақтың ақшасын алу қайғысында ғана болмай, қолынан келгенше халыққа уағыз насихаттар сөйлеп, балаларды жақсы тәрбие қылып, ілгері басу хақында Сағи уа гибрат айтып, мілләт жолында мұхаддас бір қызмет етулерін өтінеміз.

Бала оқытқан /мұғалім/ молдалардың уазипасы

1. Бала оқытып мұғалімдік қылған молдалар ең басында өзін өлшеуге салып нендейін қызмет айтуға міндетті екендігін фаһимләп /түсініп/, түбінде айтылмыш уәзифаларында болулары ләзім. Ақыл, ілім болған кісі сабырлы уа қарарлы болсын. Халыққа үлгі, туырлыққа басшы болсын. Жүріс-тұрысында жеңілдік қылып, халық көңілін сөндірмеске іждақат етсін. Жиын мәжілістерінде болудан сақтансын. Қысқасы: халықты уағыздап, талапқа лайық, жарамсыз істер мұғалім әпендінің өзінен табылмасын.

2. Халықты тура жолға үндеуде пайғамбарымыз Әлейһс-саламның жолымен барып, әрбір істе Құран кәриммен амал қылып, тәдрижи суретте ақырындап сағадәткә салаһатлі болған істерге айдап, жұма сайын уағыз насихаттар сөйлеуге тиіс. Бұ уағыз мәжілісінде қатындар да болып, оларға да лайық насихаттар да сөйленсін. Һибадат, мұғамләт жолы ашық баян етіліп, келешек уақыттарда да пайдалы істерден,

зарарлы нәрселерден хабар беріп, ақылға һәм шаригатқа ұнаулы істерге қыздырып, Құранға хиләф Расул алланың сүннетінен тыс ескі ғұрыптарды қалдыруға үндеп, шарға мақтаулы әдеттерін қалдырмай алып баруына дұға етілсін.

3. Оқытқан балаларды сыныфқа бөліп, әр сыныфтың өзіне лайықты кітаптарын алдырып, әр күн төрт сағат оқытылсын. Сағат араларында демалыс беріліп, 7 жастан кем бала оқытылмасын. Балалар оқытылған орын мүмкін қадір таза болып, оқыған балалардан басқа іс істеуші болмасын. Сабақ ерте сағат 9-да басталып, 12-де ас ішерге таратылсын. Түстен кейін I сабақ оқытылып, мұғалім әпәндә һәр баланың дәрежесіне қарай ертең даярлап алып келу үшін, балаларға жазу уа басқа оқыған сабақтарын әзірлеуге міндетті қылсын. Тырысып, ұмтылып, жақсы сабақ оқымаған балаларға бірінші дәрежеде сөзбен айтып, болмаса мұнасиб /лайықты/ жаза қояр. Лекин шыбық жұмсау болмасын. Бұлардан басқа мектеп тәрбиесін оқыту жөнін мұғалім әфәнді өзі интизамлы медреселерден көргенінше жүргізед. Бала оқытқан бағзы мұғалімдер өздері қыс медреселерге кетіп оқиды. Олар үшін ақша да керексіз емес. Ол туралы өз араларында бір белгілі уағдалары болар, яки оқыған баласына әр айға бір сомнан десе, екі жағына да жайлы болар еді.

4. Мұғалім әфәнді уағыздарын бір баптан ғана сөйлеп қоймасын, әрбір айтқан сөзінің пайдасын халыққа ашық аңлатсын. Садақа – молланың хақысы, құрбан терісі имамыңыздіке, садақа берсеңіз, ақиретте пәлен сарай, пәлен хор /қызы/ беріледі, – деп, жалғыз өз қамымен, ақирет пайдасын айтып қана қоймасын. Белки садақаны кімге берсеңіз де дұрыс, әрі екі дүниеде пайдасын көрулеріңіз үшін, малдарыңыздың зекетін инғам ихсандарыңызды бір кісіге ғана хасиламай, көп пайдасына, Алла жолына жұмсаңыз деп, мешіт, медресе салуға, миләтіміздің ілгері басуына бірінші себеп болған мектеп тәрбиесіне күш-көмек берудің артықтығын аңлатып, Алла қасында мұндай орынға жұмсаған малға өлім жоқ. Үзілмес сауап бар деп түсіндірмек керек. Халқымыз бүгінше бұл істің пайдасын біліп, зекет малдарын, фидия малдарын ортаға жиып, сондай бір белгілі

пайдалы орынға жұмсаудың артықтығын сезген жоқ. Сондай құдайы малдарды оған-бұған орынсыз жерлерге жібермей, бір орынға жиып, миллет пайдасына, дін жолына жұмсалса екен. Ел ішінде нашарлар, жетім-жесірлер, фақыр, міскіндер болса сол малдан шығарар еді. Ел ішінде оқытқан балаларға кітап, құран, қалам, қағаз сықылды аспаптарын алдыртуға, халықтың оқып пайдалануына лайықты рисала уа кітаптар, хәмде /эркезде/ дүние халқынан, өзінің тұрмыс жайынан хабардар болып тұруы үшін газеттер алдырып, сондай ортадан жиналған малдан ел ішінде бір кітапхана ашуға да керек еді. Айтылмыш кітапханалар халық ішінде болмағандығы себепті, шаһарға жырақ жерлерде балаларға оқытуға лайықты кітаптар жоқтығынан, оқыған балалардың жауһари өмірлері зая болып, аталарының үміті босқа кеткендігі сықылды, әртүрлі кітап рисала уа газеттер оқып, ақыл пікір арттырып, ахуал заманнан, келешек қалынан хабарланудан милетіміз махрум болып келгендігі әркімге мағлұм болса керек.

5. Қуат қалам иесі болған, қаламы жүйрік мұғалімдеріміз уақыт өткермей, ел ішінде қазақ балалары оқуға лайықты әртүрлі кітаптарды нағыз қазақ тіліне айналдырып, тәржіме етіп бастыруға иждиһат етпек керек. Әр халықта жас балалар үшін өз тілінде басылған кітаптар бар. Біздің қазақ балалары татарша жазылған кітаптарға түсінбейді. Көрінген кітапты оқып, ғұмыр оздыру мақсат емес. Балалар оқыған сөзін өз сөзімен, жадынан сөйлесе пайда береді.

6. Орысша оқушыларға қай жасынан бастап оқу пайдалы, мұғалім әфәнді айтып түсіндіру керек. Балалар жеті жасынан он біргеше «ибтидаи» /бастауыш/ мектепте болып, бастауыш дәрежесінде жас балалар өз тілімен бірнеше жыл оқып, зейінін арттырып, ақылын жинағанның соңында басқа тілдерді оқып үйренсе, артық болар еді. Ел ішінде ақылы өсіп, көңілі нұрланбаған, иман иқтиқадын біліп, хат танымаған жеті-сегіз жасар жас балаларды толықсыған табиғатын әурелікке салушылар да көп, сақалын бояушылар да бар.

Орысша оқып, тіл үйрену шаригатымызда дұрыс па? Пайда-залалы қанша?

Әр халықтың тілін үйрену хақында шаригатымыз қырын көзімен қарамайды. Расул Аллах Әфәндіміз өзі де Зайид бин Сабит деген сахабасына йахуд тілін үйренуге әмір қылған. Сахабалар арасында әр халықтың тілін білушілер бар еді. Қайда барса, сол халықтың тілімен сөйлесе білуші еді. Қадис шарифте /Мән алима лисана қаумин амана мин мукаррахим/ деген сөзі әр қауымның тілін үйренуге үндейді.

Енді бізге де орысша жазып сөйлей білуге керек. Аралас тұрған халықтың тілін білмеуге көп зарар бар, тіл білу арқасында көп орында өзімізді уа миллетімізді кемшіліктен, халакліктен сақтауға болады. Құран Каримде: Өзіңізді қорлыққа салмаңыз, өзіңізді, халқыңызды отқа салудан сақтаныңыз деген еді. /Ла тақалу биайришм илә-т-тахаалакати, қауа анфасикум уа ахликум наран/ Хәм ақыл иесі хакимдер айтқан. Бір падшаның қол астында болған халыққа үш нәрсені білу лазым: Хүкіметтің жазуын танып, тілін үйреніп, сөйлеу йәм гадбир мәлік үшін қойылған ханун низамдарын /зан/ білмек.

Енді жоғарыда айтылған сөздің астарынан аңғарылса керек бу тіл үйренудің не үшін керек екендігі... Өз арамызда сөйлесуге өз тіліміз жетпей, басқа тілді керек қылғанымыздан емес. Қазақ тілін анық біліп жете алсақ, бір-бірімізбен сөйлесуге, ойлаған ойымызды неше түрлі қырымен айтуға тіліміздің қысқалығынан емес. Соның үшін орынсыз жерде басқа тілді араластырып сөйлеудің пайдасы жоқ. Ел ішінде орыс қаласымен аралас елдердің сөзіне қарасақ, екі сөзінің бірі орысша. Жол болсын, қайда барасың? – десең, нуждам үшін қалаға барамын дейді. Кеше қалада көрінбедіңіз десең, ауылда обществоның бір сходы болып қалаға келе алмаған едім дейді.

Сауысқан тоты боламын деп жүрісінен айырылған деген сықылды, ондай адамдар еліктеп есі кеткендігі болмаса, ауылға бір төре келсе, переводчик болуға жарату түгіл, бір-екі ауыз литературный сөз сөйлесе чувствовать етпейді.

Оқымаған адамдардың өз арасында орыс тілде араластырып сөйлеу зарарлы дедік. Оның үшін бұл әдет өз тілімізді ұмытуға себеп болады. Ата-бабадан келген тілді ұмытудың зарарын сөйлеуге қажеті жоқ. Қысқасы: өнерлі болсын, өрнекті болсын, сегіз қырлы бір сырлы болсын, ат айналып қазығын табады дегендейін тұтқасы мықты болсын.

Әдебиет қазақия яки қазақтардың тіл өнері.

Басқа тіл араласып көп өзгерілмеген асыл түрік тілі, бір сөзден неше сөз таратуға келетін әр нәрсеге есім қойылған кеңірек лұғат қазақ тілі деп айтуға жарайды. Һамда сөзуарлық астарлы кінәелі сөздер біздің қазақта екінің бірі егіздің сыңарынан табылады. Көз алдында қарасын үзетін шаһбазлары болғаны сықылды, кетпен тұяқ кемеңгерлері де болады. Табиғи сүйегіне біткен, самсаған сары қолда қағылмай сөз асылын теріп, тілінің майын ағызатын өлеңшілері де болады. Айтылмыш сөзге ұсталық әр халықта мақтаулы болғаны сықылды өлеңшілік те құрметсіз қадірсіз емес еді. Арабтардың Лбиди, орыстың Пушкині қияметкеше халық тілінде сөйленіп, тарихқа жазылды.

Пайғамбарымыз да [Ан мин әл-шысыр хұкмат уан мин әлбаян әл-сахра] деп сөз сөйлей білуімен өлең хақында керексіз, пайдасы жоқ демей, бәлки, ілтифат көзімен қараған, ғибратлы орында құлақ салып өзі де тындап отыратын болған. әлқасыл бұл екі өнер басқа халықта болғаны сықылды, қазақтарда да бар. Лекин сол асылымыздың қадірін танып, орныменен істетем алмай, ғылым мағруф майымен майланбағаны себепті, ілгері аттай алмай сүрініп келе жатқандай көрінеді. Болса да, болатты борға суарып, шешендеріміз сөйлер орнын білем алмай, қырымға көзін сала алмай, жырымға айналып, өлеңшілеріміз де бүркіт қартайса, тышқаншыл болады деген сықылды, ән салып, аузын ашып қайда жәрмеңке болса, сонда ойын-күлкі мәжілісінде жүріп, өз берекесін өзі алады.

Енді бақшасын ғылым мағруфпен зейнетлеп, гадалаттіктің сарайында шешендерімізді сөйлестіріп, өлеңшілерімізді озыстырсақ, мәжілісіміз гүлді, сөзіміз бұлды болар еді.

Жалғыз-ақ сол шешендік байлауызыз, дәмсіз, көпке пайдасыз құрғақ ағымнан болмағаны сықылды, мақтаулы өлеңшілік те біреуді мақтап қақтауменен, біреуді сақтап жақтауменен болмайды. Бәлкі, шешеннің тілі, шебердің қолы ортақ болсын. Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып, үлгі өрнекпенен тола болсын...

Мұнан кейін ортаға алып сөйленуге, үлгі өрнек ұрығын өрбітіп өсіруге біраз өлең жазып, кәриялардың қайғысын, жақсылардың дертін қозғап, бұ қысқа ғана рисаламда әр баптан бір ауыз сөз сөйлеп, сол із бойынша таратып тармақтандыруды үмітлі жастарымызға тапсырып, сөйленбеген сөздерді иншалла келешек бір уақытта осы сөздерім соңына тіркей бермекші боламын.

Аллатағала қалам иесіне жәрдем бергей еді!

ӨЛЕҢДЕР

Жаһут қазақ әдебиеті

Өлең сөздің патшасы сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырған ер данасы.
Тілге жұмсақ, көңілге жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен бұлғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Мінажат уалилардың зарналасы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.
Өлеңге әркімнің бар тайталасы,
Сонда да олардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырғы күміс сөз жақсысын,
Келістірер қазақтың қай баласы.
Көз жұмып дүниеден өткеніңше,
Адамның таусылмайды қамтамасы.

Тобықты ыбрай марқұмның сөздерінен:

I

Қартайсаң қайғы ойлайсың ұйқың сергек,
Ашуың ашытады ойын кермек.
Мұндасарға кісі жоқ сөз ұғарға,
Кім көңілді көтеріп болады ермек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Ер кісі ақылға еріп бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай шығандап қылық қылмай,
Еріншек ездiгімен көпке көнбек.
Надандар қыла алмай жүр халал еңбек,
Ұрлық, қулық қылам деп қағар көлбек.

Харамдықтың асқаны бір күні тосар,
Мың күн сынбас, бір күн сынар шөлмек.
Сырттан сықақ туысқан оршеленбек,
Сыбырманнан топ жасап бөлек-бөлек.
Өз гайыбын аңдамай сөзіш жөндеп,
Еліріп шайтан жағына болар кірмек.
Біреуге малы бар деп бектік бермек,
Үш жыл өтсе тағы да сайлау келмек.
Өнерлі би, үлгілі жандар қайда,
Тағы да тартып біреуге алып бермек.
Қолдан келе бермейді жұрт менгермек,
Харам менен халал арасын кім теңгермек.
Мақтан үшін мал шашып болыс болып,
Өзіне иттей қорлық сөз келтірмек.

II

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады билік сатып,
Мен дұшпаннан кегінді ап берем деп.
Дос алады бермесен бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға серт берем деп.
Бір кетсем, енді қайтып қайрылмаспын,
Мен саған, сірә, нағып ырық берем деп.
Ел жияр сайлау болса ет берем деп,
Кезінде сен мендік бол деп берем деп.
Мың теңге алып уағда қылып кетсе,
Қайта айналып ойламас бет көрем деп.
Жаланқия жат мінез қу алады,
Бермесен бір жерінді бөксерем деп.
Ел жүр ғой бұл қылықты еп көрем деп,
Токтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бай шашылар орынсыз бектенем деп,
Ысырап малын ойламас деп.
Қайыр, зекет, садақа, хаж схауа
Шарифат турасымен тексерем деп.
Жақсы орынға бір қара жан шыққандай
Сәтсізге бай құмар көп берем деп.
Бір қараға екі жүз аларман бар,
Ми қатар бас аяғын тексерем деп.

III

Ал енді жақсы дейміз кімді қалап,
Ар, намыс, ғақыл, білім, сабыр, талап.
Асанқайғы сықылды адам болса
Сөзін тыңдар еді мыңға балап.
Ғақыл, ұят, ар, намыс, сабыр, талап
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Ғаделет тұғры бақты іздемейді;
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

Жұртты алдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қармап.
Қақса, сокса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп жау мұндалап.
Мансап, атақ, ғақыллы бекке бірдей,
Жұрт кісісі болады көпке бірдей.
Тура сөзін айтар жайқарсымай
Халаллықны айыптар ерікке жүрмей.

Сәдуақас Шормановтың бір сөзі:

I

Халыққа бір уақытта бас атандық,
Жаяуға ат, қарны ашка ас атандық.
Қажымас қайраты бар өткеннен соң,
Басшысыз байлауы жоқ жас атандық.
Қазақша Қаржас деген ата атандық,
Рахымсыз суық бауыр жат атандық.
Алтынын оққа ұшырып деген сөздей
Шұлғаулық екі қары мата атандық.
Ұйымшыл, ынтымақшыл ел атандық,
Шапса үстіне шыға алмас бел атандық.
Жүлде алған бәйгеміз де жоғалған соң,
Мың салса бір баспайтын кері атандық.
Бір кезде орта жүзге ту атандық,
Таусылмас басы бұлақ су атандық.

Ақ көңіл ғазизатлар өткеннен соң,
Жақсы-жаман, үлкен-кіші қу атандық.
Бір заманда теп-тегіс жақсы атандық,
Ойын-күлкі, мәжілістің құсы атандық.
Бет-бетімен жол тауып осы күнде
Далада хайуан малдай ұмшы атандық.
Законшік осы күнде заң атандық,
Тік бір мойын бұрылмас тоң атандық.
Шошынып көрген жанның зәресі ұшып
Бұзықшы жүрген жері лаң атандық.

II

Көк қуған ұя салған қаз орнына,
Түбігті құрмет еттің таз орнына.
Хеднің ғдауетімен көтерілді
Бұрынғы ойын-күлкі наз орнына.
Жаманды қадірледің жақсы орнына,
Тіленшілік көбейді бақсы орнына.
Бір ауыз өсек сөзді алып келсе,
Алады жүз теңгелік ақша орнына.
Қоянды тұмақ қылдық түлкі орнына,
Ашу араз бұрынғы күлкі орнына.

Екі досты айырып соғыстырса,
Тұрады дүниелік мүлік орнына.
Есекті көлік қылдық ат орнына,
Ағайын алаш болды жат орнына.
Өсекшілер көбейді бұл уақытта,
Телеграмм, почтальон, хаг орнына.
Атылас, асыл камшат торғынынды
Өлшейді арзан баға мата орнына.
Гауһарыңды қадір білмеске қор қылғанша,
Білетін зергер тауып сат орнына.
Маңдайға ауыз бітті көз орнына,
Ширекті өлшеу қылдық кез орнына.
Сөз шықты қыңырайған шәлкем, шалыс.

Қисықты түзейтұғын тез орнына.
 Қасқырды койшы қылып кой бақтырдык,
 Келмейді түгел айтпай сөз орнына.
 Төбешік пана болды бел орнына,
 Құйынды бықсық болды жел орнына.
 Қызғалдақтың орнына тікен шығып,
 Кет деген сөзің болды кел орнына.
 Қатқаққа қара суық жоғары өрлеп,
 Жазғы баһар жабылды сел орнына.
 Жырып бер аузыңнан бардым болып,
 Бұрынғы барын түгел қыл орнына.

III

Сіз білесіз, білеміз біз демейік
 Біреудің саф алтынын жез демейік.
 Құданың бергеніне қанағат қып,
 Сау басқа сақинаны іздемелік.
 Желіктіріп жел берсе сөз демелік,
 Біреудің жамандығын көздемелік.
 Өлшеуге естің бәрін сала бермей,
 Мөлшерлеп қадақтамай кездемелік.
 Арсыздықты өнер біліп мақтамалық,
 Жаманды жақсы ғой деп ақтамалық.
 Тәубаға қайтатұғын уақыт жетті,
 Бой тартып бұзықтықтан сақтаналық.
 Қой енді харамлықты жоқтамалық,
 Бас қосып түзулікке аттаналық.
 Мәз болмай харамдықпен жолдастыққа,
 Әбес болса турылықпен шаттаналық.
 Түзетіп өз бойымыз ақтаналық,
 Көңілге кінә пікір сақтамалық.
 Бүйте берсек бір іске ілігерміз,
 Бір қадым теріс қарай аттамалық.
 Басшы боп бұзықлыққа бастамалық,
 Басқа трфиқ жастығын жастаналық.

Снырдың шұбырындысы адастырар
Соқпағын аға баба тастамалық.
Құдадан корқып біз де сескенейік,
Ғафлетпен жүре бермей іске енейік.
Қойдай қоңыр, қояндай қорқақ болып,
Қасқырдай көрінгенді тістемейік.
Біреу сөзге келмей керіспейік,
Бұзықтың мінін алып тегістейік.
Ағаның айтқан сөзін іні алмай
Тайындай сіздің елдің тебіспейік.
Күпініп ұйда отырып жұлынбалық,
Біреуін сүйтіп жүріп сылынбалық.

Құданың өзі берсе не қайла бар,
Отына біз адамның жыдынбалық.
Бұрылып ашуланып буынбалық,
Тілімен өсекшінің сүрінбелік.
Ентігіп бос аландап есірмелік
Ту болып ширатылып есілмейік.
Қалың боп күдерінің терісіндей
Теп тиген соң жыртылып тесілмейік.

Замандастарыма бір-екі сөз

Әсермен сөз жаздым шешеніміз,
Бастайтын түзу жолға көсеміміз.
Күннің көзі көпке түскен бізге түспей,
Болды екен әлдеқандай кеселіміз.
Максұтына кім жеткен ізденбей ойындағы,
Бірлі - жарым мен де сөйледім ойымдағы.
Құр қалсаң қарап тұрып сыбағаннан
Азабың арылмайды бойындағы.
Ғаламға ғибратпенен сал көзіңді,
Хикметтен қалыс деме бұл сөзімді.
Осындай мағруфтың заманыңда,

Қозғалтып ояғайын мен де өзімді.
Ұмтылмай жетпес қолың тереңіне
Тізе бер ойға алғаның қаламыңа.
Намуна әр нәрседен көшіргіш ал,
Назар қыл замананың адамына.

Бұл күнде өнерсіздің күні қаран,
Қарманып ұмтылып қал өрге таман.
Ғафылыңның қартайып жасы жеггі,
Алысып-жұдысып өткен бұ бір заман.
Атрапқа мойның бұрып сал көзіңді,
Көрерсің құба жонда сонда өзінді.
Пікірлеп замандасым оқысын деп,
Осылайша тамам еттім бұл сөзімді.

* * *

*1909 сана 10 март
Зейнеззабиден Әл-Жауһари Әл-Омскауи*

Мазмұны

Алғы сөз	
Мекемтас Мырзахметұлы	3
Зейнелғабиденнің «Насихат Қазақия» деген еңбегі жөнінде қысқаша ТҮСІНІК	11
Алла тағаланың тарапынан келген құран уа Расул Алла афандіміздің хадисі	23
Құран ғазим немен бұйырған?	25
Қазақтардың қазіргі халі	27
Ынтымақ бірлік хакында шаригатымыз не айтқан?	29
Болыстық сайлауында, партияға бөлінуде пайда бар ма? Зарары қандай?	31
Мектеп медреселеріміз, мешіттеріміз бар ма?	33
Бала оқытқан /мұғалім/ молдалардың уазипасы	34
Орысша оқып, тіл үйрену шаригатымызда дұрыс па? Пайда-залалы қанша?	37
Әдебиет қазақия яки қазақтардың тіл өнері	38
Жаһут қазақ әдебиеті	40
Тобықты ыбрай марқұмның сөздерінен	40
Сәдуақас Шормановтың бір сөзі	42
Замандастарыма бір-екі сөз	45

*«Орхон» баспа үйінің директоры
Дидахмет Әшімханұлы*

Зейнел Ғабиден әл-Жауһари әл-Омскауи

НАСИҚАТ ҚАЗАҚИЯ

Редакторы: *Назым Мұратқызы*
Компьютерде беттеп,
дизайнын жасаған: *Жамила Айдос*

ИБ №4

Теруге 10.09.2009 ж. берілді. Басуға 20.09.2009 ж. қол
қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік басылым. Есептік
баспа табағы 3. Таралымы 700 дана.



Зейнел Ғабиден әл-Жауһари әл- Омскауи

Зейнел Ғабиден әл-Жауһари әл Омскауи 1883 жылы Көкшетау облысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан) Саға ауылында дүниеге келіп, 1920 жылы сол облысқа қатысты Сиыршы ауылында қайтыс болған.

Қазақ жазушысы, педагог. Алғаш Қызылжарда (Петропавл) оқып, кейін Уфада Ғалия медресесін бітірген. Еліне оралып, 1916 ж. Сиыршыда қазақ балалары үшін орыс мектебін аштырды. Қазақ халқын мәдени-ағарту жұмысына, отырықшылыққа шақырды. Зейнел Ғабиденнің негізгі еңбегі «Насихат қазақия» (1909) Уфада шықты. Бұл кітапқа автордың мәдени-ағарту саласындағы тілек-талаптары мен ана тілін ардақтау, сөз өнерін дамыту туралы ойлары енген. Сонымен бірге Зейнел Ғабиден бұл еңбегінде қазақ әдебиеті мен шешендік өнерді өркендету ісіне Абайды үлгі етіп ұсынады.